

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің кейбір бұйрықтарына және Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 28 сәуірдегі № 279 "Әлеуметтік-еңбек саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарттарын бекіту туралы" бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2017 жылғы 16 қазандағы № 344 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 8 қаңтарда № 16185 болып тіркелді.

"Халықтың көші-қон туралы" 2011 жылғы 22 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы 11-бабының 9) және 11) тармақшаларына және "Мемлекеттік қызметтер туралы" 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңы 10-бабының 1) тармақшаларына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің кейбір бұйрықтарының және Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 28 сәуірдегі "Әлеуметтік-еңбек саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарттарын бекіту туралы" бұйрығынның өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін тізбесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Көші-қон саясаты департаменті:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі көшірмесін қағаз және электрондық түрде мерзімді баспа басылымдарына және "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына ресми жариялау және Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне қосу үшін жіберілуін;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің ресми интернет-ресурсында орналастырылуын;

4) осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтердің ұсынылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау вице-министрі Б.Б. Нұрымбетовке жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Еңбек және халықты әлеуметтік
қорғау министрі*

Т. Дүйсенова

КЕЛІСІЛДІ

Қазақстан Республикасының
Ақпарат және коммуникациялар министрі

_____ Д. Абаев

2017 жылғы 20 қарашадағы

КЕЛІСІЛДІ

Қазақстан Республикасының
Ұлттық экономика министрі

_____ Т. Сүлейменов

2017 жылғы 30 қазандағы

КЕЛІСІЛДІ

Қазақстан Республикасының
Ішкі істер министрі

_____ Қ. Қасымов

2017 жылғы 14 желтоқсандағы

Қазақстан Республикасы
Еңбек және халықты әлеуметтік
қорғау министрінің
2017 жылғы 16 қазандағы
№ 344 бұйрығына
қосымша

Өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің кейбір бұйрықтарының және Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 28 сәуірдегі "Әлеуметтік-еңбек саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарттарын бекіту туралы" бұйрығының тізбесі

1. "Оралман мәртебесін беру қағидасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2013 жылғы 22 шілдедегі № 329-

Ө-М бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8624 болып тіркелген, "Егемен Қазақстан" газетінің 2013 жылғы 27 тамыздағы № 198 (28137) санында жарияланған) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Оралман мәртебесін беру қағидаларында:

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Өтінішке мынадай құжаттар:

1) өмірбаян (еркін нысанда);

2) отбасы отағасының, сондай-ақ отбасының әрбір мүшесінің мөлшері 3x4 сантиметр 2 фотосуреті;

3) қазақ немесе орыс тілдерінде нотариат куәландырған аудармасымен өтініш беруші мен онымен бірге қоныс аударған оның отбасы мүшелерінің жеке басын куәландыратын құжаттардың (шетелдік паспорттың не азаматтығы жоқ адам куәлігінің, кәмелетке толмаған балалардың туу туралы куәлігінің) көшірмелері;

4) өтініш берушінің Қазақстан Республикасы егемендік алған кезде Қазақстан Республикасынан тыс жерде тұрақты тұрғанын дәлелдейтін, сондай-ақ, Қазақстан Республикасынан тыс жерде туған ұлты қазақ балаларына құжаттардың көшірмелері";

мынадай мазмұндағы 4-1-тармақпен толықтырылсын:

"4-1. Осы Қағидалардың 4-тармағында көзделген құжаттардың толық ұсынылмау және (немесе) қолданылу мерзімі өтіп кеткен құжаттар ұсынылғанын белгілеген кезде, олар Жергілікті атқарушы орган, құжат келіп түскен күннен бастап үш жұмыс күні ішінде бас тарту себептерін жазбаша негіздей отырып, құжаттарды қабылдаудан бас тартады.";

6 және 7-тармақтары мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Жергілікті атқарушы орган өтініш беруші адам мен оның отбасы мүшелерінің деректерін "Оралман" ДҚ ААЖ арқылы оның (олардың) өзге өңірдің жергілікті атқарушы органында тіркелгендігі мәніне тексереді.

Жергілікті атқарушы орган өтініш берушінің және оның отбасы мүшелерінің басқа өңірде тіркелгендігін анықтаған жағдайда "Оралман" ДҚ ААЖ жазбасына тиісті түзетулер енгізеді.

7. Өтінішті "Оралман" ДҚ ААЖ-ға тіркеген сәтте жергілікті атқарушы орган өтініш беруші мен оның отбасы мүшелерінің деректерін "Жеке тұлғалар" мемлекеттік дерекқоры (бұдан әрі – "Жеке тұлғалар" МДҚ) арқылы онда (оларда) жеке сәйкестендіру нөмірінің (ЖСН) болу мәніне тексереді.

ЖСН бар екені анықталған жағдайда жаңа ЖСН генерациялау жүзеге асырылмайды, жергілікті атқарушы орган тіркеген кезде қолда бар ЖСН-ды пайдаланады.

"Жеке тұлғалар" МДҚ-да ЖСН болмаған кезде, жергілікті атқарушы орган өтініш беруші ұсынған құжаттардың негізінде қолмен енгізу жолымен өтініш берушінің

деректерін "Оралман" ДҚ-ға енгізеді және Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің "Көші-қон полициясы" ақпараттық жүйесіне (бұдан әрі – ПМ "Көші-қон полициясы" АЖ) ЖСН-ды генерациялау үшін электрондық сұрау салу жібереді.";

мынадай мазмұндағы 9-1-тармақпен толықтырылсын:

"9-1. Мынадай жағдайларда жергілікті атқарушы орган оралман мәртебесін беруден бас тартады:

1) өтініш беруші осы Қағидалардың 2-тармағына сәйкес келмеген кезде;

2) этникалық қазақтың оралман мәртебесін алу үшін ұсынған құжаттарының және (немесе) деректердің (мәліметтердің) дәйексіздігі белгіленген кезде".

10-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"10. "Оралман" ДҚ ААЖ-дан алынған дербес деректердің негізінде ПМ "Көші-қон полициясы" АЖ ЖСН нақты уақыт режимінде генерациялау рәсімін жүзеге асырады және оны "Оралман" ДҚ ААЖ-ға жібереді.

ПМ "Көші-қон полициясы" АЖ-нен ЖСН алғаннан кейін жергілікті атқарушы органдар оралман куәлігіне ЖСН қалыптастыруды жүзеге асырады.

Деректер өзгерген жағдайда ("Оралман" ДҚ-ға қате деректер енгізілген кезде не мәліметтер жойылған кезде) жергілікті атқарушы орган ПМ "Көші-қон полициясы" АЖ-да жүргізілген дербес деректерді өзгерту туралы хабарлама жібереді.";

18 және 19-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"18. Өтінішті тіркеген кезде жергілікті атқарушы орган өтініш беруші ұсынған құжаттардың негізінде қолмен енгізу арқылы кеңейтілген дербес деректерді қоса отырып, ПМ "Көші-қон полициясы" АЖ арқылы өтініш берушінің бастапқы мәліметтерін (Тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) тексереді.

19. Өтінішті "Оралман" ДҚ ААЖ-ға тіркеген кезде жергілікті атқарушы орган өтініш беруші мен оның отбасы мүшелерінің деректерін "Жеке тұлғалар" МДҚ арқылы онда (оларда) ЖСН-ның болу мәніне тексереді.

ЖСН бар екені анықталған жағдайда жаңа ЖСН-ды генерациялау жүзеге асырылмайды, жергілікті атқарушы орган тіркеген кезде қолда бар ЖСН-ды пайдаланады.

"Жеке тұлғалар" МДҚ-да ЖСН болмаған кезде жергілікті атқарушы орган өтініш беруші ұсынған құжаттардың негізінде қолмен енгізу арқылы өтініш берушінің деректерін "Оралман" ДҚ-ға енгізеді және ЖСН-ға генерациялау үшін ПМ "Көші-қон полициясы" АЖ-ға сұрау салу жібереді.";

22-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"22. "Оралман" ДҚ ААЖ-дан алынған дербес деректердің негізінде ПМ "Көші-қон полициясы" АЖ ЖСН нақты уақыт режимінде генерациялау рәсімін жүзеге асырады және оны "Оралман" ДҚ ААЖ-ға жібереді.

ПМ "Көші-қон полициясы" АЖ-дан ЖСН алғаннан кейін жергілікті атқарушы орган ЖСН-ды оралман куәлігіне қалыптастырады.

Деректер өзгерген жағдайда ("Оралман" ДҚ-ға қате деректер енгізген кезде не мәліметтер жойылған кезде) жергілікті атқарушы орган ІІМ "Көші-қон полициясы" АЖ дербес деректерге енгізілген өзгерістер туралы хабарлама жібереді. Аталған рәсім оралман куәлігін бергенге дейін орындалуы жүзеге асырылады."

2. "Оралмандарды бейімдеу және ықпалдастыру орталықтары қызметінің қағидаларын және Уақытша орналастыру орталықтарының қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2013 жылғы 22 шілдедегі № 330-Ө-М бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8601 болып тіркелген, "Казахстанская правда" газетінің 2013 жылғы 27 тамыздағы № 260 (27534) санында жарияланған) келесі өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Оралмандарды бейімдеу және ықпалдастыру орталықтары қызметінің қағидаларында:

8-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"8. Орталықта тегін тұратын оралмандар мен олардың отбасы мүшелеріне мынадай қызметтер көрсетіледі:

- 1) ақпараттық және анықтамалық қызметтер ұсыну;
- 2) аударма бойынша қызмет көрсету;
- 3) жұмысқа орналастыруда, кәсіптік даярлауда, қайта даярлауда және біліктілікті арттыруда көмек;
- 4) Қазақстан Республикасының тарихы, мәдениеті мен салт-дәстүрі жөнінде, заңнама негіздері және шағын бизнес ашу бойынша оқыту курстарын өткізу;
- 5) әртүрлі мәдени іс-шаралар өткізу;
- 6) құқықтық қызмет көрсету (тіркелуге, "Оралмандар мен қоныс аударушыларды қабылдаудың өңірлік квотасына енгізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрі міндетін атқарушының 2016 жылғы 15 қаңтардағы № 20 бұйрығымен (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13334 болып тіркелген) бекітілген нысан бойынша оралмандарды қабылдаудың өңірлік квотасына енгізуге өтініш беруге, азаматтық, әлеуметтік жәрдемақылар алуға кеңестер, консультациялар беру және көмек көрсету);
- 7) Қазақстан азаматтығын алу және құжаттандыру мәселелеріне жәрдемдесу;
- 8) тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін;
- 9) қазақ және орыс тілдерін оқыту;
- 10) мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алуға жәрдемдесу."

3. Күші жойылды - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 25.03.2021 № 84 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Еңбек және халықты әлеуметтік
қорғау министрінің
2017 жылғы 16 қазандағы
№ 344 бұйрығына
1- қосымша

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің
25.03.2021 № 84 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен
соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК